

**«Tulpar» мұнай өнімдерін өткізу мониторингі сервисіне қолжетімділікті
ұсыну бойынша № __/24 пайдаланушы келісімі**

Осы «Tulpar» мұнай өнімдерін өткізу мониторингі сервисіне қол жеткізуді ұсыну бойынша пайдаланушы келісімі (бұдан әрі – Келісім) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес қосылу шарты болып табылады және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 20 ақпандағы № 91 бұйрығына сәйкес мұнай өнімдерін өндіру және айналымы саласындағы есепке алу бақылау аспаптары деректерінің операторы (бұдан әрі – Оператор) болып айқындалған «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы мен және бағаны мемлекеттік реттеу белгіленген стационарлық автожанармай құю станциялары (бұдан әрі – ЖҚС) арқылы мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін (Аи-80, Аи-92 және Аи-93 маркалы бензин, жазғы және маусымаралық дизель отыны) сатып алуды жүзеге асыратын азамат немесе заңды тұлға (бұдан әрі – Пайдаланушы), бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатындар, арасындағы өзара қарым-қатынасты реттейді.

Осы Келісім жария офертасы болып табылады. «Tulpar» мұнай өнімдерін сатуды мониторингілеу сервисіне (бұдан әрі – Сервис) қолжетімділікті ала отырып, Пайдаланушы осы Келісімнің барлық шарттарына қосылған және қабылдаған болып есептеледі.

1. Келісімнің мәні

1.1. Пайдаланушы Qoldau.kz веб-порталда (бұдан әрі - Портал) Пайдаланушының жеке шотын / тіркеулік жазбасын ашу мен жүргізу арқылы Сервиске қолжетімділікті ұсыну бойынша міндеттемелерді, осы Келісімде көзделген мерзімде, көлемде және тәртіпте тапсырады, ал Оператор өзіне қабылдайды.

2. Оператордың құқықтары мен міндеттері

2.1. Оператор:

2.1.1. Сервисті тәулік бойы ұсынуға (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда). Сервиске кіретін қызметтердің тізбесі осы Келісімнің 4-бөлімінде көрсетілген;

2.1.2. Пайдаланушының коммерциялық құпиясын білдіретін мәліметтерді жария етпеу, егер олар Сервисті ұсыну кезінде өзіне белгілі болса, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды ақпараттық жүйеде өңдеу кезінде дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

2.2. Оператор:

2.2.1. салық заңнамасын және қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымы саласындағы заңнаманы бұзу фактілері анықталған жағдайда, Пайдаланушы және оның Сервистегі операциялары туралы материалдарды және (немесе) ақпаратты уәкілетті органдарға беруге;

2.2.2. Пайдаланушының сенімді тұлғасы ретінде оның дербес деректерін (коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді) алу үшін, оның ішінде дербес деректерге қолжетімділікті бақылаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес сервистерін пайдалана отырып, қауіпсіздік токенін алуға;

2.2.3. осы Келісімнің 4-бөлімінде көрсетілмеген жаңа функциялар мен қызметтерді Сервиске енгізуге құқылы.

3. Пайдаланушының құқықтары мен міндеттері

3.1. Пайдаланушы:

3.1.1. электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) Сервисте немесе АМНБ-нан (Азаматтардың мобильді нөмірлерінің базасы) өз телефон нөмірі бойынша тіркелуге;

3.1.2. контрагент туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мәліметтерді жария етпеу, егер олар Сервиспен жұмыс істеу кезінде оған белгілі болса, осындай мәліметтерді қамтитын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

3.1.3. Оператордың осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін Операторға ақпаратқа қажетті қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

3.1.4. Оператормен келісім бойынша Сервисті пайдалана отырып операцияларды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде оны пайдалана отырып, заңсыз операцияларды жасау мүмкіндігін болдырмау үшін қажет болатын шамада жұмыстың ішкі қағидаларын түзетуге;

3.1.5. құрамында вирустар немесе басқа да зиянды бағдарламалық қамтамасыз ету бар материалды пайдаланбау, ақпарат тасымалдағышта қолжетімділік құпиясөзін жазбау, алынған қолжетімділік сәйкестендіргішін үшінші тұлғаға бермеу, өз ЭЦҚ-сын пайдалануға міндетті.

3.2. Пайдаланушы:

3.2.1. Портал немесе веб-интерфейс арқылы Сервиске қол жеткізуге құқылы.

4. Сервисті ұсыну тәртібі

4.1. Сервис келесі функционалды қосады:

4.1.1. Порталдағы Жеке кабинетте (бұдан әрі – Жеке кабинет) Пайдаланушының жеке шотын / тіркеулік жазбасын ашу мен жүргізу арқылы Оператордың Пайдаланушыға Сервиске қолжетімділікті ұсыну;

4.1.2. Пайдаланушының осы Келісімге Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Келісімге қосылуға өтінім (бұдан әрі – Өтінім) беру;

4.1.3. Қазақстан Республикасында тіркелген көлік құралдарын (жүргізуші куәлігі және көлік құралын тіркеу туралы куәлік), ЖҚС-та жанармай құю үшін мұнай өнімінің түрі мен көлемін (литрде) көрсете отырып, басқаруға

құқықтардың бар болуын ескере отырып, мұнай өнімдерін (Аи-80, Аи-92 және Аи-93 маркалы бензин, жазғы және маусымаралық дизель отыны) бөлшек саудада өткізуге тәуліктік теңгерімнің бар болуы туралы ақпаратты Пайдаланушының автоматты түрде алу;

4.1.4. Пайдаланушыға екінші деңгейдегі банктің мобильді қосымшасы немесе Пайдаланушы қолданатын мобильді қосымшаның басқа иесі үшін API-сервис арқылы мұнай өнімдерін босатуға өтінім беру және мұнай өнімінің бөлшек сауда бағасын төлеу мүмкіндігін беру. Мұнай өнімдерін босатуға берілген өтінімдер бойынша Пайдаланушы немесе ЖҚС (себебін көрсете отырып) олардың күшін жою мүмкіндігі бар;

4.1.5. Пайдаланушыға мұнай өнімдерін босатуға ЖҚС үшін тапсырыстар тізілімін интеграциялау арқылы Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алудың ақпараттық жүйесіне беру;

4.1.6. меншік иесі Пайдаланушы (сенім білдірілген тұлға) болып табылатын көлік құралын басқаруға уәкілетті тұлғалардың тізімін жүргізу;

4.1.7. жұмыс уақытында кеңес беру желісін ұсыну - нақты уақыт режимінде Сервиспен жұмыс істеу бойынша сұраққа жауап алу мүмкіндігі:

- Сервистің бағдарламалық қамтамасыз етудің өзекті нұсқасы бойынша көрсетіледі;

- сағат 09:00-ден бастап 18:00-ге дейін (Астана қаласы уақыты бойынша), түскі ас сағат 13:00-ден бастап 14:00-ге дейін Сервисте көрсетілген байланыс арнасы (telegram-чат) бойынша ұсынылады.

4.1.8. Мұнай өнімдерін босатуға өтінімдерді пайдаланушы келген жағдайда ЖҚС тарапынан орындауға міндетті. Берілген сәттен бастап 5 минут ішінде орындалмаған мұнай өнімдерін босатуға арналған өтінімдер автоматты түрде жойылады.

4.2. Сервистің дамуына қарай оған кіретін қызметтер тізбесін Оператор өзгерте/кеңейте алады.

4.3. Пайдаланушы, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Сервисте және Порталда өзінің дербес деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге келісім білдіреді.

Пайдаланушы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 30-бабы мен «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес салық құпиясын ашуға келісімін береді.

4.4. Сервиске қолжетімділік тегін болып табылады.

5. Келісімнің қолданылу мерзімі, оны өзгерту және бұзу тәртібі

5.1. Келісім Өтінім берілген сәттен бастап күшіне енеді және 365 күн қолданылады.

5.2. Оператор Келісімді Оператордың шешімі бойынша кез келген уақытта біржақты тәртіпте өзгерте алады. Үшінші тұлғалар үшін Пайдаланушы қызметінің сапасын арттыру, Пайдаланушыға қойылатын талапты арттыру мен Сервис арқылы Пайдаланушының қызметін пайдаланатын үшінші тұлғалардың мүддесіндегі өзге де мән-жайлар бойынша бастамалар біржақты тәртіппен өзгертуге негіз бола алады.

5.3. Келісімді Оператор немесе Пайдаланушы кез келген уақытта біржақты тәртіппен бұзуы мүмкін.

6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

6.1. Тараптардың ешқайсысы тараптардың еркі мен тілегінен тыс туындаған және болжауға немесе болдырмауға болмайтын форс-мажорлық жағдайларға байланысты осы Келісім бойынша міндеттемелерді кешіктіргені немесе орындамағаны үшін екінші Тараптың алдында жауап бермейді.

6.2. Осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамайтын Тарап өз міндеттемелерін орындауға кедергі және оның әсері туралы екінші Тарапқа хабарлама жіберуге тиіс.

7. Даулы мәселелерді шешу

7.1. Осы Келісім бойынша немесе оған байланысты Тараптар арасында туындайтын барлық даулар немесе келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі.

7.2. Келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда олар заңнамада белгіленген тәртіппен Оператордың орналасқан жері бойынша сотта қаралуға тиіс.

8. Оператордың заңды мекенжайы мен деректемелері

«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ
010000, Астана қ., Республика даңғылы, 29-үй, БСН: 050540004455,
«Қазақстан Халық банкі» АҚ, КБе: 16
БСК: HSBKKZKX, ЖСК: KZ646010111000242071.

«Tulpar» мұнай өнімдерін өткізу
мониторингі сервисіне қолжетімділікті
ұсыну бойынша пайдаланушы келісіміне
қосымша

«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ
010000, Астана қ., Республика даңғылы, 29-үй

**«Tulpar» мұнай өнімдерін өткізу мониторингі сервисіне қолжетімділікті
ұсыну бойынша пайдаланушы келісіміне қосылуға
№ ЖСН/БСН-___ өтінім**

Бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын _____,
(толық атауы мемлекеттік және (немесе) орыс тілінде)

«Tulpar» мұнай өнімдерін өткізу мониторингі сервисіне қол жетімділікті ұсыну бойынша «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-мен Пайдаланушы келісіміне (бұдан әрі - Келісім) қосылады, сондай-ақ үлгі нысаны «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-ы бекіткен және Qoldau.kz веб-порталда ашық қолжетімділікте жарияланған Келісімде белгіленген талаптарды орындауға міндеттенеді.

Менің жеке кабинетімде Келісімнің 4-бөлімінде көзделген функцияларды орындау мүмкіндігін іске асыруды сұраймын.

Пайдаланушының деректемелері:

1. Қысқаша атауы / тегі, аты, әкесінің аты: _____
(Жарғыға сәйкес)
2. Сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН): _____
3. Телефон/Факс: _____
(елді мекен кодын қосқанда)

Пайдаланушы Келісіммен танысқанын растайды және оның шарттарын орындауға міндеттенеді және Келісімге кейіннен енгізілген барлық өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды.

Жеке тұлғалар үшін:

Смс-келісімді растау (авторлау кезінде бір рет): _____

ЖСН: _____

БМГ телефон нөмірі (мобильді азаматтар базасы): _____

Келісімді алу күні: 01.01.2024ж. 01:01сағ.

Жеке немесе заңды тұлғалар үшін:

Пайдаланушы қол қойған және жіберген 20__ жылғы «__» ____ сағат 00:00

ЭЦҚ деректері (ЭЦҚ-мен қол қойылған күні мен уақыты).

Утверждено приказом
АО «Информационно-учетный центр»
от 12 июня 2024 года № 351

**Пользовательское соглашение № __/24
по предоставлению доступа к Сервису мониторинга за реализацией
нефтепродуктов «Tulpar»**

Настоящее Пользовательское соглашение по предоставлению доступа к Сервису мониторинга за реализацией нефтепродуктов «Tulpar» (далее – Соглашение) является договором присоединения в соответствии со статьей 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан и регулирует взаимоотношения между акционерным обществом «Информационно-учетный центр», определенным оператором данных контрольных приборов учета в сфере производства и оборота нефтепродуктов (далее – Оператор) в соответствии с приказом Министра финансов Республики Казахстан от 20 февраля 2024 года № 91, и гражданином или юридическим лицом, осуществляющим приобретение отдельных видов нефтепродуктов (бензин марки Аи-80, Аи-92 и Аи-93, летнее и межсезонное дизельное топливо) через стационарные автозаправочные станции (далее - АЗС), на которые установлено государственное регулирование цен (далее – Пользователь), далее совместно именуемыми – Стороны.

Настоящее Соглашение является публичной офертой. Получая доступ к Сервису мониторинга за реализацией нефтепродуктов «Tulpar» (далее – Сервис), Пользователь считается присоединившимся и принявшим все условия настоящего Соглашения.

1. Предмет Соглашения

1.1. Пользователь поручает, а Оператор принимает на себя обязательства по предоставлению доступа к Сервису посредством открытия и ведения лицевого счета / учетной записи Пользователя на веб-портале Qoldau.kz (далее – Портал) на срок, в объеме и порядке, предусмотренных настоящим Соглашением.

2. Права и обязанности Оператора

2.1. Оператор обязан:

2.1.1. предоставлять Сервис на круглосуточной основе (за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ). Перечень услуг, входящих в Сервис, указан в разделе 4 настоящего Соглашения;

2.1.2. не разглашать сведения, представляющие коммерческую тайну Пользователя, если таковые стали известны ему при предоставлении Сервиса, обеспечить конфиденциальность персональных данных, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан, а также обеспечить безопасность персональных данных при их обработке в информационной системе.

2.2. Оператор вправе:

2.2.1. передать материалы и (или) информацию о Пользователе и его операциях на Сервисе в уполномоченные органы в случае выявления фактов нарушения налогового законодательства и законодательства в сфере производства и оборота отдельных видов нефтепродуктов, имеющего признаки уголовного правонарушения;

2.2.2. получать в качестве доверенного лица Пользователя токен безопасности для получения его персональных данных (сведений, составляющих коммерческую тайну), в том числе с использованием государственного и негосударственных сервисов контроля доступа к персональным данным;

2.2.3. внедрять в Сервис новые функции и услуги, не указанные в разделе 4 настоящего Соглашения.

3. Права и обязанности Пользователя

3.1. Пользователь обязан:

3.1.1. зарегистрироваться на Сервисе с электронной цифровой подписью (ЭЦП) или по своему номеру телефона из БМГ (База мобильных граждан);

3.1.2. не разглашать охраняемые законами Республики Казахстан сведения о контрагенте, если таковые стали известны ему при работе с Сервисом, обеспечить сохранность документов, содержащих такие сведения;

3.1.3. обеспечивать Оператору необходимый доступ к информации для выполнения Оператором своих обязательств по настоящему Соглашению;

3.1.4. по согласованию с Оператором скорректировать внутренние правила работы в той мере, в которой это будет необходимо для обеспечения безопасности проведения операций с использованием Сервиса, в том числе исключения возможности совершения неправомерных операций с его использованием;

3.1.5. не использовать материалы, содержащие вирусы или другое вредоносное программное обеспечение, не записывать пароли доступа на носителях информации, не передавать полученные идентификаторы доступа третьим лицам, использовать собственную ЭЦП.

3.2. Пользователь вправе:

3.2.1. иметь доступ к Сервису через Портал или через веб-интерфейс.

4. Порядок предоставления Сервиса

4.1. Сервис включает в себя функционал по:

4.1.1. предоставлению Оператором Пользователю доступа к Сервису посредством открытия и ведения лицевого счета / учетной записи Пользователя в Личном кабинете на Портале (далее – Личный кабинет);

4.1.2. подаче Пользователем заявки на присоединение к Соглашению (далее – Заявка) по форме, согласно Приложению к настоящему Соглашению;

4.1.3. автоматическому получению Пользователем информации о наличии суточного баланса на розничную реализацию нефтепродуктов (бензин марки Аи-80, Аи-92 и Аи-93, летнее и межсезонное дизельное топливо) с учетом наличия

прав на управление транспортными средствами, зарегистрированными в Республике Казахстан (водительского удостоверения и свидетельства о регистрации транспортного средства), с указанием вида нефтепродукта и объема (в литрах) для заправки на АЗС;

4.1.4. предоставлению Пользователю возможности подачи заявки на отпуск нефтепродуктов и оплаты розничной цены нефтепродукта через API-сервис для мобильного приложения банка второго уровня или другого владельца мобильного приложения, используемого Пользователем. По поданным заявкам на отпуск нефтепродуктов имеется возможность их отмены Пользователем или АЗС (с указанием причины);

4.1.5. передаче в Информационную систему учета отдельных видов нефтепродуктов посредством интеграции реестра заказов для АЗС на отпуск нефтепродуктов Пользователю;

4.1.6. ведению списка лиц, уполномоченных на управление транспортным средством (доверенные лица), собственником которого является Пользователь;

4.1.7. предоставлению в рабочее время линии консультаций – возможности в режиме реального времени получить ответы на вопросы по работе с Сервисом, которые:

- оказываются по актуальным версиям программного обеспечения Сервиса;

- предоставляются с 09:00ч. до 18:00ч. (по времени г. Астаны), обед с 13:00ч. до 14:00ч. по каналам связи (telegram-чат), указанным в Сервисе.

4.1.8. Заявки на отпуск нефтепродуктов обязательны к исполнению со стороны АЗС при условии явки Пользователя. Заявки на отпуск нефтепродуктов, не исполненные в течение 5 минут с момента подачи, автоматически отменяются.

4.2. По мере развития Сервиса перечень услуг, входящих в него, может изменяться/расширяться Оператором.

4.3. Пользователь выражает согласие на сбор, хранение и обработку своих персональных данных в Сервисе и на Портале, если только это не противоречит законодательству Республики Казахстан.

Пользователь дает согласие на раскрытие налоговой тайны в соответствии со статьей 30 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» и Кодексом Республики Казахстан «О таможенном регулировании в Республике Казахстан».

4.4. Доступ к Сервису является бесплатным.

5. Срок действия, порядок изменения и расторжения Соглашения

5.1. Соглашение вступает в силу с момента подачи Заявки и действует 365 дней.

5.2. Соглашение может быть изменено Оператором в одностороннем порядке в любое время по решению Оператора. Основаниями для изменения в одностороннем порядке могут выступать инициативы по повышению качества услуг Пользователя для третьих лиц, повышение требований к Пользователю и иные обстоятельства в интересах третьих лиц, которые пользуются услугами Пользователя посредством Сервиса.

5.3. Соглашение может быть расторгнуто Оператором или Пользователем в одностороннем порядке в любое время.

6. Обстоятельства непреодолимой силы

6.1. Ни одна из Сторон не несет ответственности перед другой Стороной за задержку или невыполнение обязательств по настоящему Соглашению, обусловленные форс-мажорными обстоятельствами, возникшими помимо воли и желания Сторон, и которые нельзя было предвидеть или избежать.

6.2. Сторона, которая не исполняет свои обязательства по настоящему Соглашению, должна направить извещение другой Стороне о препятствии и его влиянии на исполнение своих обязательств.

7. Решение спорных вопросов

7.1. Все споры или разногласия, возникающие между Сторонами по настоящему Соглашению или в связи с ним, разрешаются путем переговоров между Сторонами.

7.2. В случае невозможности разрешения разногласий путем переговоров они подлежат рассмотрению в суде по месту нахождения Оператора в установленном законодательством порядке.

8. Юридический адрес и реквизиты Оператора

АО «Информационно-учетный центр»

010000, г. Астана, пр. Республики, д.29, БИН: 050540004455,

АО «Народный банк Казахстана», КБе: 16

БИК: HSBKKZKX, ИИК: KZ646010111000242071.

Приложение
к Пользовательскому соглашению
по предоставлению доступа к
Сервису мониторинга за реализацией
нефтепродуктов «Tulpar»

АО «Информационно-учетный центр»
010000, г.Астана, пр. Республики, д.29

Заявка № ИИН/БИН-____
на присоединение к Пользовательскому соглашению
по предоставлению доступа к Сервису мониторинга за реализацией
нефтепродуктов «Tulpar»

Настоящим _____,
(полное наименование на государственном и (или) русском языке)
именуемое в дальнейшем «Пользователь», присоединяется к Пользовательскому
соглашению с АО «Информационно-учетный центр» по предоставлению
доступа к Сервису мониторинга за реализацией нефтепродуктов «Tulpar» (далее
– Соглашение), а также обязуется выполнять условия, установленные
Соглашением, типовая форма которого утверждена АО «Информационно-
учетный центр» и опубликована в открытом доступе на веб-портале Qoldau.kz.

Прошу реализовать в моем Личном кабинете возможность выполнения
функций, предусмотренных разделом 4 Соглашения.

Реквизиты Пользователя:

1. Краткое наименование/фамилия, имя, отчество: _____
(в соответствии с Уставом)
2. Идентификационный номер (БИН/ИИН): _____
3. Телефоны: _____
(включая код населенного пункта)

Пользователь подтверждает, что ознакомлен с Соглашением и обязуется
выполнять его условия, и принимает все внесенные впоследствии изменения и
дополнения в Соглашение.

Для физических лиц:

Смс-подтверждение согласия (разово при авторизации):

ИИН: _____

Номер телефона из БМГ (База мобильных граждан): _____

Дата получения согласия: 01.01.2024г. 01:01ч.

Для физических или юридических лиц:

подписано и отправлено Пользователем в 00:00 часов «__» ____ 20__ года:
Данные из ЭЦП (дата и время подписания ЭЦП).